

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік  
холодағы коммерциялық өмес акционерлік  
мының Ақмола облысы бойынша филиалының  
Көкшетау қаласы Тіркеу және жер кадастры белгімі

**ЗАНДЫ ТІЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА  
ПРКЕУ 2021 ж. 18 нау маусымдағы жүргізілді**  
БСН 000240003090  
№ 2165-1902-ИАО-МК  
Бастапты тіркелген күні  
2000ж. «07» ақпай



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 05 қаңтардағы  
№ А-1/3 қаулысымен  
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Көкшетау қаласы бойынша білім белімінің жаңындағы  
Көкшетау қаласының балалар көркемөнер мектебі»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім белімінің жаңындағы Көкшетау қаласының балалар көркемөнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығы ретінде ұйымдық-құқықтық нысаны заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы (бұдан әрі - құрылтайшы) Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.
3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім белімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі-уәкілетті органы).
4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім белімінің жаңындағы Көкшетау қаласының балалар көркемөнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.
5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 126 үй.

### **2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

6. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.
7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі, бұраштама мөртабандары болады.
8. Кәсіпорынның белімшелері мен өкілдіктері жоқ.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні – оқушылардың, соның ішінде тұлға, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың білім мен мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен, қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы білім беру үрдісін ұйымдастыру.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты – сапалы қосымша білім алу үшін тең мүмкіндікпен қамтамасыз ету; жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу, балалардың жеке анықталуы, қабілеттерін жүзеге асыруына арналған жағдай жасау, қоғамдағы әлеуметтік өмірге бейімдеу, азаматтық сана мен жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мазмұнды демалыс ұйымдастыру.

11. Қойылған мақсатқа жету үшін Кәсіпорын қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) қосымша білім берудің оку бағдарламаларын менгеруге арналған жағдай жасау, балалар мен жасөспірімдерді бейнелеу өнерінің алуан түрлеріне мақсатты түрде оқыту;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, өнегелі және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, дербестікті дамытуға арналған жағдай жасау арқылы ой байыту;

3) азаматтылық пен отансұйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасын сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрді дәріптеуге, конституцияға қарсы және қоғамға жат кез келген құбылыстарға төзбестікке тәрбиелеу;

4) Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру;

5) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне қатыстыру, қазақ және Республикадағы басқа да ұлттардың тарихы мен салт-дәстүрін зерттеу, мемлекеттік және орыс, ағылшын тілдерін меңгеру;

6) оқытуудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру;

7) бастамашылдықты, білуге құмарлықты, балалардың шығармашылық жағынан көрінуіне еркіндігі мен қабілетін дамыту;

8) оқушылардың ата-аналары мен басқа да занды өкілдерімен өзара қарым-қатынаста болу;

9) оқушылардың ата-аналарына әдістемелік, диагностикалық және кеңестік көмек көрсетуді ұйымдастыру;

10) білім беру саласындағы материалдық-техникалық базаны дамыту мен нығайту;

11) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңына сай, мемлекеттік қызмет көрсетеді.

12. Иске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі.

1) Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің бүйрығымен бекітілген, «Балалар музика мектептерінің, балалар

көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламасына» сай жүзеге асырады.

2) Аумақтың саяси-экономикалық дамуы мен ұлттық-мәдени дәстүрлердің жергілікті ерекшеліктері есебімен, балаларга бейнелеу өнерінің негіздерін оқытудағы әлдеқайда тиімді авторлық бағдарламалар мен технологияларды іріктеуді жүргізеді және жүзеге асырады.

13. Білім беретін мекемеге қабылдау тәртібі.

1) Балаларды білім беретін мекемеге қабылдау Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сай жүзеге асырылады. Балаларды Кәсіпорынға қабылдау кезінде ата-аналарды және басқа заңды өкілдерді мектептің оқу-тәрбие үрдісінің барысы мен мазмұнымен, Жарғысымен, оқу және тәрбие үрдісін реттемелеуші басқа да құжаттармен таныстыруды қамтамасыз етеді.

2) Балаларды Кәсіпорынға қабылдау жазғы демалыс кезінде іске асырылады және топтардың жиынтықталуына қарай аяқталады. Негізгі оқу курсына 12-13 жастан бастап қабылданады. Кәсіпорынға тұсу кезінде бейнелеу өнері саласындағы қабілеттерді анықтау мақсатымен, іріктеу өткізіледі. Балаларды даярлау тобына (5-11 жас) қабылдау тәртібі педагогикалық кеңестің шешімімен ережеленеді.

3) Топтағы топтасу нормалары «Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында» орнатылған.

4) Оқытудың ұзақтығы «Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында» белгіленген.

14. Білім беру үрдісін үйымдастырудың тәртібі.

1) Білім беру үрдісін үйымдастыру «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына» сай анықталады және ережеленеді.

2) Педагогикалық қызметкерлер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бекітілген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» қаулысы тәртібіне сай бекітілген, түрлендірілген, эксперименттік, авторлық бағдарламаларды жасай алады.

3) «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына» сай, сабак оқу 1 қыркүйекте басталып, 15 маусымда аяқталады.

4) Кәсіпорындағы оқу-тәрбиелеу жұмысын үйымдастырудың негізгі түрі – 45 минутқа созылатын сабактар.

5) Сабак кестесі орнатылған Санитарлық ережелерге сай, окушыларға қолайлы тәртіп жасау және жас ерекшеліктері есебімен, Кәсіпорынның әкімшілігімен құрылады және бекітіледі.

**6)** Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік және орыс тілідерінде жүргізіледі.

15. Білім алушылардың білімдерін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оны өткізудің түрі мен тәртібі

1) Кәсіпорын білім алушылардың білімдерін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің түрі, тәртібі мен мезгілдігінде өз еркімен таңдайды.

2) Оқушылардың білім беру бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатымен, Кәсіпорын білім алушылардың білімдерін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізеді. Аттестаттаудың келесі түрлерін қолданады: жұмыстарды байқау, тестілеу, сауалнама, сынақтар, рефераттар, сайыстар, көрмелер т.с.с

3) Оқушыларды аралық аттестаттау – оқушылардың білім деңгейін бақылау мен диагностикалаудың міндетті түрі болып есептеледі. Аралық аттестаттаудың мазмұны мен тәртібін педагогикалық кеңес шешімі ережелеп, директор бекітеді.

4) Кәсіпорындағы қосымша білім берудің оку бағдарламаларын менгеру білім алушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

16. Білім алушыларды, тәрбиленушілерді оқудан шығару негіздері мен тәртібі.

Балаларды Кәсіпорыннан шығару басшымен, келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) қосымша білім беру мекемесі мен баланың ата-анасы арасындағы Үлгілік келісім-шарт негізінде және Кәсіпорынның оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері негізінде;

2) педагогтың білім алушыны оқудан шығару туралы баяндауы мен жазбаша рапорты болған жағдайда;

3) дәрігерлік кеңестік комиссияның анықтамасы негізінде мектепте болуға тосқауыл болатын медициналық қарсы көрсетілім болған жағдайда.

17. Кәсіпорындағы білім саласында ұсынылатын ақылы қызметтердің тізімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының Заңы мен әрекеттегі «Білім туралы» мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша белгіленеді.

18. Білім беретін мекеменің білім алушылармен, тәрбиленушілермен және (немесе) олардың ата-аналары мен өзге занды өкілдерімен қарым-қатынасты рәсімдеу тәртібі.

Оқушылардың ата-аналары немесе өзге занды өкілдердің құқықтары:

1) білім беретін мекемеден баланың оку үлгерімі, тәртібі мен Кәсіпорындағы оку жағдайы туралы ақпарат алуға;

2) балалармен жұмыс жасаудың сапасын арттыру, бала тұлғасының жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) оқушыларға құрметпен қарауды талап етуге;

4) сұрақтар мен кикілжің жағдаятты шешу үшін педагогикалық қызметкерлерге, әкімшілікке жүгінуге.

Оқушылардың ата-аналары немесе өзге занды өкілдердің міндеттері:

- 1) балалардың өмірі мен окуы үшін дұрыс және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дene күшінің дамуын қамтамасыз ету, өнегелі қалыптасу;
- 2) қосымша білім беретін үйім мен «Баланың ата-ана арасындағы үлгілік келісім-шарт» жасауға, келісім-шарт бойынша баланың оку ақысын төлеуге;
- 3) білім беретін мекемемен байланыс жасау, баланы оқытудың барлық бағыттары бойынша әрекеттесу;
- 4) баланың қосымша білім беретін мекемеге қатысуын қамтамасыз ету, баланың сабакқа қатыспауы мен сырқаты туралы әкімшілікке хабарлау;
- 5) Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- 6) Кәсіпорында және ауласында тазалық пен тәртіпті сақтау, үнемі екінші аяқ киімді қолдану;
- 7) баланы Кәсіпорында оқуға қажетті барлық құрал-жабдық пен материалдармен қамтамасыз ету.

19. Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйімдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;;
- 2) лауазымды және басқа да адамдар тарарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;
- 3) білім алушылар, тәрбиленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үйімдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, оку материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйімінің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

- 11) білім беру үйімін басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
  - 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
  - 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауга;
  - 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
  - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке жедагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
  - 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
  - 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскері қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
  - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
  - 19) үйім басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;
  - 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тараапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;
  - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.
20. Педагог:
- 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;
  - 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
  - 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешікпей арттыруға (растаяуға);
  - 4) педагогтік әдепті сақтауға;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
  - 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
  - 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
  - 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) күкік қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік күкік бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

21. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе үшін пайдалануға күкілі емес.

22. Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23. Кәсіпорынның Халықаралық ынтымақтастыры Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

24. Кәсіпорын білім беру саласындағы уәкілетті орган келісімі бойынша шетелдік білім үйымдарымен, халықаралық үйымдармен және қорлармен тікелей байланысты белгілейді, халықаралық бағдарламаларға қатысады, білім беру, мәдениет саласындағы халықаралық үкіметтік емес үйымдарға (қауымдастықтарға) енеді, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен екіжақты және көпжақты ынтымақтастық туралы шарттар жасасады.

25. Кәсіпорында шетелге жіберу үшін қызметкерлер мен оқушыларды іріктеу мен даярлауды жүзеге асыра алады (тәжірибе алмасу мақсатында түрлі іс-шараларға, конференцияларға, жарыстарға, байқауларға, олимпиадаларға, фестивальдарға және тағы сол сияқты).

#### 4. Кәсіпорынды басқару

26. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

27. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндепті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сакталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

28. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

30. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

31. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндепті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, мадактау шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтөн босату үшін тиісті саланың үәкілетті органына үміткерлер ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

10) дербес жауапкершілікте болады:

қаржылық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына; таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда; кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастырғанда.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

32. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

33. Кәсіпорынның мүлкін активтер құрайды, олардың күны оның балансында көрсетіледі.

34. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

35. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктен (ақшалай табысты қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорынның жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

37. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Жедел басқарудағы мұлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорының жедел басқаруына түседі.

39. Мұлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған катысты меншік иесі оны Кәсіпорынга бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз балансына бекіткен сәтінде туындаиды.

40. Кәсіпорының шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мұлікті иеліктен айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйфа тартуға құқылы емес.

41. Кәсіпорының мұлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249 - бабымен көзделген негіздер мен тәртіpte, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

42. Осы Жарғының 40-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мұлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

43. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

## **6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

44. Кәсіпорының қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

45. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

46. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

48. Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен басқаруға алынған мұліктен қалыптасады.

## **8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

49. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес, кәсіпорынның басшысы бекітетін және басқарушы органымен келісілген есеп саясаты мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

51. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

52. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

## **10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

53. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен орнатылады.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

54. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

55. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

56. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

57. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

58. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

## 13. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

59. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы Желебекова Г.О.З  
Т.А.Ә.

Х.С.Аман  
қолы



Утвержден  
постановлением акимата  
Акмолинской области  
от 05 января 2021 года  
№ А-1/3

# **УСТАВ**

**государственного коммунального казенного предприятия**  
**«Детская художественная школа города Кокшетау**  
**при отделе образования по городу Кокшетау**  
**управления образования Акмолинской области»**

## **1. Общие положения**

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Детская художественная школа города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области (далее – Учредитель).

3. Уполномоченным органом Предприятия является государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее – орган государственного управления).

4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Детская художественная школа города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области».

5. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 020000, Акмолинская область, город Кокшетау, ул. Абая, дом 126.

## **2. Юридический статус Предприятия**

6. Предприятие считается созданной и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках, в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

8. Предприятие не имеет филиалов и представительств.

### **3. Предмет и цели деятельности Предприятия**

9. Предметом деятельности Предприятия является организация образовательного процесса посредством реализации программ дополнительного образования в целях удовлетворения образовательных и культурных потребностей обучающихся, в том числе детей с особыми образовательными потребностями в интересах личности, общества и государства.

10. Целью деятельности Предприятия является обеспечение равного доступа к качественному дополнительному образованию; воспитание всесторонне и гармонично развитой личности на основе общечеловеческих и национальных ценностей, создание условий для развития у детей личностного самоопределения, реализация их способностей, адаптация к социальной жизни в обществе, формирование гражданского самосознания, общей культуры, здорового образа жизни, организации содержательного досуга.

11. Для достижения поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

